

**Педагогикалық шеберлік
орталығы
«EDU MASTER»**

**Центр педагогического
мастерства
«EDU MASTER»**



**«Бастауыш мектептегі инклюзивті білім беру тәжірибесі»
біліктілікті арттыру курсының
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Сағат саны: 80 ақ.сағ.

Алматы 2026

**1. Жалпы ережелер
Бағдарламаның әлеуметтік маңыздылығы**

Бағдарламаның әлеуметтік маңыздылығы бастауыш білім беру педагогтерінің инклюзивті білім беру тәжірибесін ұйымдастыру және ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға сапалы білім беруді қамтамасыз ету саласындағы кәсіби құзыреттерін жетілдіру қажеттілігімен айқындалады. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің қазіргі жағдайында барлық білім алушылар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін қолжетімді, қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын құруға деген қажеттілік артып отыр. Осыған байланысты білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып білім беру процесін тиімді ұйымдастыра алатын, заманауи педагогикалық технологияларды қолданатын, оқу тапсырмаларын бейімдейтін және педагогикалық қолдау көрсететін педагогтерді даярлау ерекше өзектілікке ие болуда.

Бағдарлама бастауыш мектеп педагогтерінің келесі бағыттар бойынша практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған:

инклюзивті білім беру процесін ұйымдастыру;

оқытудың әмбебап дизайны қағидаттарын қолдану;

бейімделген оқу тапсырмаларын әзірлеу;

білім алушының жеке оқу жоспарын құрастыру;

оқу жетістіктерін бағалаудың заманауи тәсілдерін қолдану;

ата-аналармен және психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарымен өзара әрекеттесу.

Бағдарламаны іске асыру бастауыш мектептегі инклюзивті білім беру сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби дамуына және ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың табысты әлеуметтенуі мен білім алуына жағдай жасауға ықпал етеді.

Біліктілікті арттыру бағдарламасының өзектілігі

Біліктілікті арттыру бағдарламасының өзектілігі Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытуға қойылатын заманауи талаптармен және бастауыш сынып педагогтерінің ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқыту мен педагогикалық қолдау көрсету мәселелері бойынша кәсіби құзыреттерін жетілдіру қажеттілігімен айқындалады.

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында әрбір білім алушының сапалы білім алуына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін қолжетімді және қолдаушы білім беру ортасын құру ерекше маңызға ие болуда. Осыған байланысты инклюзивті білім беру процесін ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін, оқытуды саралау мен дараландыру әдістерін, оқу бағдарламалары мен оқу тапсырмаларын бейімдеу технологияларын меңгерген педагогтерге деген қажеттілік артып келеді.

Тәжірибе көрсеткендей, бастауыш сынып педагогтері білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін анықтау, балалардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып сабақтарды жоспарлау, оқытудың әмбебап дизайны қағидаттарын қолдану, жеке оқу жоспарын әзірлеу және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың заманауи тәсілдерін пайдалану бойынша практикалық дағдыларды дамытуға мұқтаж.

Бағдарлама педагогтердің тәжірибеге бағытталған құзыреттерін дамытуға бағдарланған және инклюзивті тәжірибені ұйымдастыру, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, заманауи білім беру технологияларын қолдану, сондай-ақ бастауыш мектепте ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың табысты білім алуы мен әлеуметтенуіне жағдай жасау дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

Бағдарламаның жалпы мемлекеттік басымдықтармен және әлемдік трендтермен байланысы

Біліктілікті арттыру бағдарламасы Қазақстан Республикасының білім беру қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, инклюзивті білім беруді дамыту және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру саласындағы мемлекеттік басымдықтарына сәйкес әзірленген.

Бағдарлама мазмұны келесі міндеттерді іске асыруға бағытталған:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің инклюзивті білім беруді дамыту және ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқытуға жағдай жасау жөніндегі міндеттері;

сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуді көздейтін Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;

білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып білім беру процесін ұйымдастыру бөлігіндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мен арнайы оқыту жағдайларын жасауды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері;

инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды даярлау сапасын арттыру және педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамыту міндеттері.

Бағдарлама бастауыш мектеп педагогтерінің инклюзивті тәжірибені ұйымдастыру, оқу процесін бейімдеу, заманауи білім беру технологияларын қолдану және білім алушыларға педагогикалық қолдау көрсету бойынша практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның әлемдік трендтермен байланысы

Бағдарлама мазмұны инклюзивті білім беруді дамытудың заманауи халықаралық үрдістеріне сәйкес келеді және барлық білім алушылардың білім беру қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктеріне қарамастан сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Бағдарламаны әзірлеу барысында келесі халықаралық тәсілдер мен ұсынымдар ескерілді:

ЮНЕСКО-ның инклюзивті және әділ білім беруді дамыту жөніндегі ұсынымдары;

БҰҰ-ның білімге тең қолжетімділік қағидаттарын іске асыру және балалар құқықтарын қорғау бағытындағы ұсынымдары;

оқытудың әмбебап дизайнын (Universal Design for Learning) қолданудың заманауи тәсілдері;

оқытуды дараландыру мен саралаудың халықаралық тәжірибелері;

білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды дамыту және қолдаушы білім беру ортасын қалыптастыру үрдістері;

білім алушының жеке ілгерілеуіне бағдарланған қалыптастырушы бағалаудың заманауи тәсілдері.

Бағдарлама педагогтерде заманауи білім беру технологияларын қолдану, оқыту мазмұнын бейімдеу және ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды бастауыш мектептің білім беру процесіне табысты кіріктіру үшін жағдай жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

2. Глоссарий

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (ПМПК) – балаларды тексеруді және консультациялық қолдау көрсетуді жүзеге асыратын, ерекше білім беру қажеттіліктері мен білім алуға арналған арнайы жағдайларды бағалайтын, білім беру бағдарламасының түрін айқындайтын, сондай-ақ дамуында шектеулері бар балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға жіберетін білім беру ұйымы.

Дамуында шектеулері бар бала (балалар) – туа біткен, тұқым қуалайтын, жүре пайда болған аурулардың немесе жарақат салдарының салдарынан тіршілік әрекетінде шектеулері бар, белгіленген тәртіппен расталған дене және (немесе) психикалық кемістіктері бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар).

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар (балалар) – тиісті деңгейдегі білім мен қосымша білім алуда арнайы жағдайларды тұрақты немесе уақытша қажет ететін тұлғалар (балалар).

Білім алуға арналған арнайы жағдайлар – ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың (балалардың), сондай-ақ дамуында шектеулері бар балалардың білім беру бағдарламаларын меңгеруі үшін қажетті оқу, арнайы, жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламалары мен оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тіршілік ету ортасын, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді, медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтерді қамтитын жағдайлар.

Жеке білім беру бағдарламасы (ЖББ) – білім алушының ерекше білім беру қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін және ПМПК ұсынымдарын ескере отырып әзірленетін, білім мазмұнын меңгеруге жағдай жасауға бағытталған білім беру бағдарламасы.

Даму бұзылыстары – туа біткен, тұқым қуалайтын, перинаталдық, жарақаттық, әлеуметтік немесе өзге де факторларға байланысты баланың психикалық және (немесе) дене дамуының тұрақты немесе уақытша ауытқулары. Олар білім беру бағдарламаларын меңгеруде қиындықтар туындатып, арнайы оқыту жағдайларын, бейімделген әдістемелер мен сүйемелдеуді қажет етеді.

Нәтижелер мониторингі – ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушының даму динамикасын жүйелі түрде бақылау. Ол білім жетістіктерін, бейімделу деңгейін, ұсынылған арнайы жағдайлардың және

психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің тиімділігін тұрақты бағалауды қамтиды.

Педагогикалық зерттеу – балалардың интеллектуалдық даму ерекшеліктерін және олардың ойын әрекетіне, білім алуға және қарым-қатынас жасауға әлеуетті мүмкіндіктерін жас ерекшелігі нормаларын ескере отырып анықтау.

Инклюзивті білім беру – барлық білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.

Ерекше білім беру қажеттіліктері – білім алушының тиісті деңгейдегі білім мен қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілігі.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу – білім беру ұйымдарында жүзеге асырылатын жүйелі ұйымдастырылған қызмет. Оның барысында білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың табысты оқуы мен дамуына арналған әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасалады.

Цифрлық технологиялар – электрондық ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу әдістері мен аппараттық-бағдарламалық қамтамасыз ету және телекоммуникациялық желілер арқылы ақпарат алмасу тәсілдерінің жиынтығы.

Пәнаралық өзара әрекеттестік – педагогтер, психологтер, медицина қызметкерлері және басқа мамандардың білім алушыларды оқыту, дамыту және әлеуметтік бейімдеу міндеттерін кешенді шешу мақсатындағы ынтымақтастығы.

ЖББ-ны бейімдеу – білім беру бағдарламасының мазмұнына, оқыту формаларына, әдістері мен құралдарына, сондай-ақ оны іске асыру жағдайларына білім алушының жеке ерекшеліктеріне, мүмкіндіктеріне және ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес өзгерістер енгізу процесі.

3. Бағдарламаның тақырыбы

Бағдарламаның жанашылдығы Қазақстан Республикасындағы заманауи инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш сынып педагогтерінің кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған тәжірибеге бағдарланған мазмұнымен айқындалады.

Бағдарлама инклюзивті білім берудің теориялық негіздерін зерделеумен ғана шектелмей, білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып білім беру процесін ұйымдастырудың практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Ерекше назар педагогикалық қолдау көрсету, оқу тапсырмаларын бейімдеу, сабақты жобалау және бастауыш мектепте заманауи білім беру технологияларын қолдану мәселелеріне аударылады.

Бағдарламаның ерекшеліктері:

оқытудың әмбебап дизайны қағидаттарын бастауыш мектептегі оқыту тәжірибесіне кіріктіру;

бейімделген оқу тапсырмаларын және білім алушының жеке оқу жоспарын әзірлеу дағдыларын дамыту;

білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыруға практикалық бағытталуы;

оқытуды саралау және дараландырудың заманауи әдістерін қолдану;

кейс-технологияларды, практикалық тапсырмаларды және педагогикалық жағдаяттарды талдауды пайдалану;

педагогтің білім алушылардың әртүрлі білім беру қажеттіліктері жағдайында жұмыс істеуге кәсіби даярлығын қалыптастыруға бағдарлануы.

Бағдарламаның жаңашылдығы сонымен қатар инклюзивті білім беруді дамытудың заманауи мемлекеттік басымдықтарына сәйкес оқыту мазмұнын жаңартумен, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау тәсілдерін жетілдірумен және педагогтердің кәсіби даярлығының практикалық құрамдас бөлігін күшейтумен айқындалады.

Білім беру жүйесіндегі ұқсас бағдарламалардың болуы/болмауын талдау

Қазақстан Республикасының педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінде инклюзивті білім беру саласындағы педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда. Сонымен қатар қолданыстағы бағдарламаларды талдау көрсеткендей, курстардың басым бөлігі негізінен инклюзивті білім берудің жалпы теориялық негіздері мен нормативтік-құқықтық аспектілерін зерделеуге бағытталған, ал бастауыш мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың практикалық компоненті шектеулі деңгейде ұсынылған.

Ұсынылып отырған Бағдарлама тәжірибеге бағдарланған тәсілімен ерекшеленеді және бастауыш білім беру педагогтерінде білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып инклюзивті тәжірибені ұйымдастырудың қолданбалы дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Салыстыру критерийлері	Қолданыстағы біліктілікті арттыру бағдарламалары	«Бастауыш мектептегі инклюзивті білім беру тәжірибесі» бағдарламасы
Мақсатты аудитория	Жалпы білім беру педагогтері	Бастауыш білім беру педагогтері
Бағдарламаның бағыттылығы	Инклюзивті білім берудің теориялық негіздері	Инклюзивті білім беру процесін ұйымдастыру тәжірибесі
Практикалық бағыттылығы	Шектеулі	Практикалық компонент күшейтілген

Оқытудың әмбебап дизайны	Ішінара қарастырылады	Бағдарлама мазмұнына кіріктірілген
Оқу тапсырмаларын бейімдеу	Жалпы форматта қарастырылады	Бейімделген тапсырмаларды практикалық әзірлеу
Жеке оқу жоспары	Теориялық таныстыру	Әзірлеу дағдыларын қалыптастыру
Сабақты жоспарлау	Жалпы ұсынымдар	Сабақтарды практикалық жобалау
Білім алушыларды бағалау	Жалпы тәсілдер	Бағалау мен мониторингтің заманауи тәсілдері
Педагогикалық кейстермен жұмыс	Шектеулі	Практикалық жағдаяттарды жүйелі талдау
Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескеру	Ішінара	Бағдарлама мазмұнының негізі болып табылады

Қорытынды

Жүргізілген талдау Қазақстан Республикасының педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесінде инклюзивті білім беру мәселелеріне арналған бағдарламалардың бар екенін көрсетеді. Алайда олардың басым бөлігі педагогтердің теориялық даярлығына бағытталған.

Ұсынылып отырған Бағдарлама тәжірибеге бағдарланған мазмұнымен, бастауыш білім беру ерекшеліктерін ескеруімен және педагогтердің қолданбалы кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталуымен ерекшеленеді. Бағдарлама білім беру процесін бейімдеу, сабақтарды жобалау, жеке оқу шешімдерін әзірлеу және ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға педагогикалық қолдау көрсетудің заманауи технологияларын қолдану дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Бағдарламаның мақсаты

Бастауыш білім беру педагогтерінің инклюзивті тәжірибені ұйымдастыру және іске асыру, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету саласындағы кәсіби құзыреттерін жетілдіру, сондай-ақ заманауи білім беру технологияларын қолдану, оқу процесін бейімдеу және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша практикалық дағдыларын дамыту.

Бағдарламаның міндеттері

Күтілетін оқу нәтижелері

Педагогтерде инклюзивті білім берудің заманауи тәсілдері, қағидаттары және нормативтік-құқықтық негіздері туралы тұтас түсінік қалыптастыру	Педагогтер бастауыш мектепте инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың заманауи тәсілдері мен нормативтік-құқықтық негіздерін меңгереді
Білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін анықтау және педагогикалық қолдау ұйымдастыру дағдыларын дамыту	Педагогтер білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін анықтайды және білім беру процесінде педагогикалық қолдау көрсету әдістерін қолданады
Оқытудың әмбебап дизайны қағидаттарын және оқытуды саралау тәсілдерін қолдану бойынша педагогтердің құзыреттерін жетілдіру	Педагогтер оқытудың әмбебап дизайны қағидаттарын қолданады, білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып сараланған оқу тапсырмаларын әзірлейді
Оқу бағдарламаларын бейімдеу және білім алушының жеке оқу жоспарын әзірлеу бойынша практикалық дағдыларды дамыту	Педагогтер білім алушылардың білім беру қажеттіліктеріне сәйкес бейімделген оқу тапсырмаларын және жеке оқу жоспарын әзірлейді
Білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып сабақты жобалау дағдыларын жетілдіру	Педагогтер инклюзивті оқытудың заманауи тәсілдері мен технологияларын қолдана отырып сабақтарды жоспарлайды және өткізеді
Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау және мониторинг жүргізудің заманауи тәсілдерін қолдану бойынша құзыреттерді дамыту	Педагогтер білім алушылардың жеке ілгерілеуін бағалау мен мониторинг жүргізудің заманауи әдістерін қолданады
Ата-аналармен және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарымен тиімді өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру	Педагогтер қолайлы білім беру ортасын қамтамасыз ету үшін білім беру процесінің қатысушыларымен тиімді өзара әрекеттеседі
Педагогтердің кәсіби рефлексияға және инклюзивті тәжірибені жетілдіруге дайындығын дамыту	Педагогтер өздерінің кәсіби қызметін талдайды және жұмыста инклюзивті білім берудің заманауи тәжірибелерін қолданады

Бағдарлама нәтижелерінің практикалық маңыздылығы

Бағдарлама нәтижелерінің практикалық маңыздылығы инклюзивті тәжірибе жағдайында бастауыш білім беру педагогтерінің кәсіби қызметін жетілдірумен және ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін білім беру процесін ұйымдастыру сапасын арттырумен айқындалады.

Оқыту қорытындысы бойынша педагогтер алған білімдері мен практикалық дағдыларын тікелей кәсіби қызметінде қолдана алады, атап айтқанда:

білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып білім беру процесін ұйымдастыру;

бастауыш мектептегі оқыту тәжірибесінде инклюзивті білім берудің заманауи тәсілдерін қолдану;

оқытуды саралау және дараландыру әдістерін пайдалану;

бейімделген оқу тапсырмаларын және білім алушының жеке оқу жоспарын әзірлеу;

оқытудың әмбебап дизайны қағидаттарын қолдана отырып сабақтарды жобалау;

білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау мен мониторинг жүргізудің заманауи технологияларын пайдалану;

қолайлы және қолдаушы білім беру ортасын құру;

ата-аналармен және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарымен тиімді өзара әрекеттесу;

инклюзивті білім беру жағдайында білім алушыларға педагогикалық қолдау көрсетудің практикалық құралдарын қолдану.

Бағдарламаны меңгеру нәтижелері педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, бастауыш мектептегі инклюзивті тәжірибе сапасын дамытуға және ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды білім беру процесіне тиімді кіріктіруді қамтамасыз етуге ықпал етеді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

80 академиялық сағатқа арналған аудиториялық оқыту бойынша оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабақтың тақырыбы	Лекция	Практикалық сабақтар	Семинар	Барлығы
1	1-модуль. Инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық және тұжырымдамалық негіздері				9
1.1	Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың заманауи тәсілдері	1	1	1	3
1.2	Инклюзивті білім берудің негізгі ұғымдары, қағидаттары мен құндылықтары	1	1	1	3
1.3	Инклюзивті білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету және білім алушылардың құқықтарын қорғау	1	1	1	3
2	2-модуль. Бастауыш мектеп білім алушыларының ерекше білім беру қажеттіліктері				9
2.1	Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін заманауи түсіну	1	1	1	3
2.2	Бастауыш мектеп жасындағы білім алушылардың психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктері	1	1	1	3
2.3	Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға педагогикалық қолдау көрсету	1	1	1	3
3	3-модуль. Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу				18

3.1	Бастауыш мектепте психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру	2	2	2	6
3.2	Білім беру процесінде педагогтің, мамандардың және ата-аналардың өзара әрекеттестігі	2	2	2	6
3.3	Қолайлы және қолдаушы білім беру ортасын құру	2	2	2	6
4	4-модуль. Инклюзивті оқытудың заманауи технологиялары мен стратегиялары				16
4.1	Сараланған және дараланған оқыту технологиялары	2	2	2	6
4.2	Бастауыш мектепте оқытудың әмбебап дизайны қағидаттарын қолдану	2	2	2	6
4.3	Оқытуда заманауи білім беру және цифрлық технологияларды пайдалану	1	1	2	4
5	5-модуль. Оқу бағдарламаларын бейімдеу және білім беру жетістіктерін бағалау				16
5.1	Білім алушының жеке оқу жоспарын әзірлеу	2	2	2	6
5.2	Білім беру қажеттіліктерін ескере отырып оқу бағдарламалары мен оқу тапсырмаларын бейімдеу	2	2	2	6
5.3	Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау мен мониторинг жүргізудің заманауи тәсілдері	1	1	2	4
6	6-модуль. Бастауыш мектепте инклюзивті сабақты жобалау тәжірибесі				12
6.1	Білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып сабақты жоспарлау	2	1	1	4
6.2	Сараланған оқу тапсырмалары мен практикалық кейстерді әзірлеу	2	1	1	4
6.3	Инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогтің кәсіби тәжірибесін талдау және жетілдіру	2	1	1	4
Барлығы					80

80 академиялық сағатқа арналған қашықтықтан оқыту бойынша оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабақтың тақырыбы	Бейнесабактар	Вибинарлар	Тыңдаушының өзіндік жұмыстары	Барлығы
1	1-модуль. Инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық және тұжырымдамалық негіздері				9
1.1	Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың заманауи тәсілдері	1	1	1	3
1.2	Инклюзивті білім берудің негізгі ұғымдары, қағидаттары мен құндылықтары	1	1	1	3
1.3	Инклюзивті білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету және білім алушылардың құқықтарын қорғау	1	1	1	3
2	2-модуль. Бастауыш мектеп білім алушыларының ерекше білім беру қажеттіліктері				9

2.1	Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін заманауи түсіну	1	1	1	3
2.2	Бастауыш мектеп жасындағы білім алушылардың психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктері	1	1	1	3
2.3	Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға педагогикалық қолдау көрсету	1	1	1	3
3	3-модуль. Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу				18
3.1	Бастауыш мектепте психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру	2	2	2	6
3.2	Білім беру процесінде педагогтің, мамандардың және ата-аналардың өзара әрекеттестігі	2	2	2	6
3.3	Қолайлы және қолдаушы білім беру ортасын құру	2	2	2	6
4	4-модуль. Инклюзивті оқытудың заманауи технологиялары мен стратегиялары				16
4.1	Сараланған және дараланған оқыту технологиялары	2	2	2	6
4.2	Бастауыш мектепте оқытудың әмбебап дизайны қағидаттарын қолдану	2	2	2	6
4.3	Оқытуда заманауи білім беру және цифрлық технологияларды пайдалану	1	1	2	4
5	5-модуль. Оқу бағдарламаларын бейімдеу және білім беру жетістіктерін бағалау				16
5.1	Білім алушының жеке оқу жоспарын әзірлеу	2	2	2	6
5.2	Білім беру қажеттіліктерін ескере отырып оқу бағдарламалары мен оқу тапсырмаларын бейімдеу	2	2	2	6
5.3	Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау мен мониторинг жүргізудің заманауи тәсілдері	1	1	2	4
6	6-модуль. Бастауыш мектепте инклюзивті сабақты жобалау тәжірибесі				12
6.1	Білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып сабақты жоспарлау	2	1	1	4
6.2	Сараланған оқу тапсырмалары мен практикалық кейстерді әзірлеу	2	1	1	4
6.3	Инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогтің кәсіби тәжірибесін талдау және жетілдіру	2	1	1	4
Барлығы					80

1-модуль. Инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық және тұжырымдамалық негіздері

<p>Модульдің мақсаты</p> <p>Білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып білім беру процесін ұйымдастыруға қажетті инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық және тұжырымдамалық негіздері саласында бастауыш білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру.</p>	<p>Модульдің практикалық бағыттылығы</p> <p>Модульдің практикалық бағыттылығы педагогтерде нормативтік-құқықтық талаптар мен инклюзивті білім берудің заманауи қағидаттарын күнделікті педагогикалық тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>Оқыту барысында педагогтер нормативтік құжаттарды талдайды, білім беру процесін ұйымдастырудың практикалық жағдаяттарын қарастырады, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды қолдаудың педагогикалық тәсілдерін айқындайды және бастауыш мектепте қолайлы білім беру ортасын құру бойынша практикалық шешімдер әзірлейді.</p>
<p>Модульдің міндеттері</p> <p>Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың заманауи тәсілдері мен бағыттары туралы түсінік қалыптастыру;</p> <p>инклюзивті білім берудің негізгі ұғымдарын, қағидаттары мен құндылықтарын ашып көрсету;</p> <p>педагогтерді инклюзивті білім беруді ұйымдастыруды реттейтін нормативтік-құқықтық актілермен таныстыру;</p> <p>педагогтің кәсіби қызметінде нормативтік талаптарды қолдану дағдыларын дамыту;</p> <p>білім алушылардың сапалы әрі қолжетімді білім алуға құқықтарын түсінуді қалыптастыру.</p>	<p>Модульді меңгерудің күтілетін нәтижелері</p> <p>Модульді аяқтағаннан кейін педагогтер:</p> <p>Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың заманауи үрдістерін түсінеді;</p> <p>инклюзивті білім берудің негізгі ұғымдарын, қағидаттары мен құндылықтарын меңгереді;</p> <p>инклюзивті білім беруді ұйымдастыруды реттейтін нормативтік-құқықтық базада бағдарланады;</p> <p>білім беру процесін ұйымдастыру кезінде нормативтік талаптарды қолданады;</p> <p>кәсіби қызметте білім алушылардың құқықтары мен жеке білім беру қажеттіліктерін ескереді.</p>
<p>Модульдің сипаттамасы</p>	

Модуль бастауыш білім беру педагогтерінде Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың заманауи тәсілдері, білім беру процесін ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық негіздері және сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету қағидаттары туралы жүйелі түсінік қалыптастыруға бағытталған.

Модуль аясында инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясат, инклюзивті тәсілдің негізгі ұғымдары, құндылықтары мен қағидаттары, сондай-ақ ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқыту мен педагогикалық қолдауды ұйымдастыру мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер қарастырылады.

Модуль мазмұны Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің заманауи талаптарын ескере отырып, бастауыш мектепте инклюзивті тәжірибені іске асыруға педагогтердің кәсіби дайындығын дамытуға бағытталған.

2-модуль. Бастауыш мектеп білім алушыларының ерекше білім беру қажеттіліктері

Модульдің мақсаты
Бастауыш білім беру педагогтерінің білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бастауыш сынып оқушыларының жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып педагогикалық қолдау ұйымдастыру бойынша кәсіби құзыреттерін қалыптастыру.

Модульдің практикалық бағыттылығы
Модульдің практикалық бағыттылығы педагогтерде білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін талдау және білім беру процесінде қолдау көрсетудің тиімді педагогикалық тәсілдерін таңдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.
Оқыту барысында педагогтер практикалық жағдаяттарды талдайды, білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін анықтайды, педагогикалық қолдау нұсқаларын әзірлейді, оқытуды дараландыру әдістерін іріктейді және бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып білім беру жағдаяттарын модельдейді.

Модульдің міндеттері
білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтаудың заманауи тәсілдері туралы түсінік қалыптастыру;
бастауыш сынып

Модульді меңгерудің күтілетін нәтижелері
Модульді аяқтағаннан кейін педагогтер: білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтаудың заманауи тәсілдерін түсінеді;
білім беру процесін ұйымдастыру кезінде бастауыш сынып оқушыларының жас

<p>оқушыларының психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктерін ашып көрсету;</p> <p>білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін анықтау дағдыларын дамыту;</p> <p>білім алушыларға педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру бойынша педагогтердің құзыреттерін жетілдіру;</p> <p>оқытуда жеке және сараланған тәсілдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>және жеке даму ерекшеліктерін ескереді;</p> <p>білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін анықтайды және педагогикалық қолдау бағыттарын белгілейді;</p> <p>оқытуда жеке және сараланған тәсілдердің әдістерін қолданады;</p> <p>инклюзивті білім беру жағдайында білім алушыларға педагогикалық қолдау ұйымдастырады.</p>
<p>Модульдің сипаттамасы</p> <p>Модуль бастауыш білім беру педагогтерінің білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін түсіну, бастауыш сынып оқушыларының жас және жеке ерекшеліктерін ескеру, сондай-ақ білім беру процесінде педагогикалық қолдау ұйымдастыру мәселелері бойынша кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған.</p> <p>Модуль мазмұнында білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтаудың заманауи тәсілдері, бастауыш мектеп жасындағы балалардың психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктері және қолайлы білім беру ортасын құру шарттары қарастырылады. Ерекше назар білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін анықтау, педагогикалық қолдау ұйымдастыру және оқытуда жеке тәсілді қолдану мәселелеріне аударылады.</p> <p>Модуль бастауыш мектеп білім алушыларының жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып білім беру процесін ұйымдастыру бойынша педагогтердің практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.</p>	
<p>3-модуль. Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу</p>	
<p>Модульдің мақсаты</p> <p>Инклюзивті білім беру жағдайында білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру және қолдаушы білім беру ортасын құру бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру.</p>	<p>Модульдің практикалық бағыттылығы</p> <p>Модульдің практикалық бағыттылығы педагогтерде білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекеттесуін ұйымдастыру және білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің тиімді тәсілдерін қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған.</p>

	<p>Оқыту барысында педагогтер практикалық жағдаяттарды талдайды, ата-аналармен және сүйемелдеу мамандарымен өзара әрекеттесу түрлерін модельдейді, қолдаушы білім беру ортасын құру бойынша ұсынымдар әзірлейді және бастауыш мектепте білім алушыларға педагогикалық қолдау көрсетудің практикалық құралдарын қарастырады.</p>
<p>Модульдің міндеттері бастауыш мектепте білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру ерекшеліктерін ашып көрсету; педагогтің ата-аналармен және сүйемелдеу мамандарымен өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту; қолайлы білім беру ортасын құру бойынша құзыреттерді қалыптастыру; педагогикалық коммуникация және ынтымақтастық дағдыларын жетілдіру; білім беру процесінде қолдаушы педагогикалық тәсілдерді қолдану біліктерін дамыту.</p>	<p>Модульді меңгерудің күтілетін нәтижелері Модульді аяқтағаннан кейін педагогтер: білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру қағидаттарын түсінеді; ата-аналармен және сүйемелдеу мамандарымен тиімді өзара әрекеттеседі; білім беру процесінде педагогикалық қолдау және ынтымақтастық әдістерін қолданады; қолайлы және қолдаушы білім беру ортасын құрады; білім алушылардың білім беру процесіне табысты қатысуын қамтамасыз ету үшін тиімді коммуникациялық тәсілдерді қолданады.</p>
<p>Модульдің сипаттамасы Модуль бастауыш білім беру педагогтерінің білім алушыларды олардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу саласындағы кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған. Модуль аясында бастауыш мектепте психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру тәсілдері, педагогтің ата-аналармен және сүйемелдеу мамандарымен өзара әрекеттесу ерекшеліктері, сондай-ақ қауіпсіз, қолайлы және қолдаушы білім беру ортасын құру шарттары қарастырылады.</p>	

<p>Ерекше назар білім беру процесіне қатысушылардың тиімді коммуникациясына, білім алушылардың табысты бейімделуіне жағдай жасауға және олардың эмоционалдық әл-ауқаты мен білім беру процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ететін педагогикалық тәсілдерді дамытуға аударылады.</p>	
<p>4-модуль. Инклюзивті оқытудың заманауи технологиялары мен стратегиялары</p>	
<p>Модульдің мақсаты Бастауыш мектепте қолжетімді және тиімді білім беру процесін ұйымдастыру үшін педагогтердің инклюзивті оқытудың заманауи технологияларын мен стратегияларын қолдану бойынша практикалық дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>Модульдің практикалық бағыттылығы Модульдің практикалық бағыттылығы педагогтерде инклюзивті білім беру жағдайында оқытудың заманауи технологияларын әзірлеу және қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Оқыту барысында педагогтер сараланған оқу тапсырмаларын әзірлейді, оқытудың әмбебап дизайны қағидаттарын қолдана отырып сабақ фрагменттерін модельдейді, цифрлық білім беру ресурстарының мүмкіндіктерін талдайды және бастауыш мектепте қолжетімді әрі тиімді білім беру процесін ұйымдастыруға арналған практикалық құралдарды іріктейді.</p>
<p>Модульдің міндеттері педагогтерді сараланған және дараланған оқытудың заманауи технологияларымен таныстыру; білім беру процесінде оқытудың әмбебап дизайны қағидаттарын қолдану дағдыларын дамыту; білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып оқу тапсырмаларын бейімдеу бойынша құзыреттерді жетілдіру; заманауи білім беру және цифрлық технологияларды қолдану дағдыларын қалыптастыру; инклюзивті білім беру</p>	<p>Модульді меңгерудің күтілетін нәтижелері Модульді аяқтағаннан кейін педагогтер: сараланған және дараланған оқыту технологияларын қолданады; сабақтарды жоспарлау және өткізу кезінде оқытудың әмбебап дизайны қағидаттарын пайдаланады; білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін ескере отырып оқу тапсырмаларын бейімдейді; кәсіби қызметте заманауи білім беру және цифрлық технологияларды қолданады; инклюзивті білім беру процесін ұйымдастыру үшін тиімді оқыту әдістері мен құралдарын іріктейді.</p>

<p>жағдайында тиімді оқыту әдістері мен құралдарын таңдау біліктерін дамыту.</p>	
<p>Модульдің сипаттамасы</p> <p>Модуль бастауыш білім беру педагогтерінің білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып инклюзивті оқытудың заманауи технологиялары мен стратегияларын қолдану саласындағы кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған.</p> <p>Модуль мазмұнында сараланған және дараланған оқыту технологиялары, оқытудың әмбебап дизайны қағидаттары, сондай-ақ білім беру процесінің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыруға ықпал ететін заманауи білім беру және цифрлық құралдар қарастырылады.</p> <p>Ерекше назар оқу тапсырмаларын бейімдеу, тиімді оқыту әдістерін таңдау, цифрлық ресурстарды пайдалану және білім алушылардың білім беру процесіне белсенді қатысуына жағдай жасау мәселелеріне аударылады.</p>	
<p>5-модуль. Оқу бағдарламаларын бейімдеу және білім беру жетістіктерін бағалау</p>	
<p>Модульдің мақсаты</p> <p>Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтердің оқу процесін бейімдеу, жеке оқу жоспарын әзірлеу және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың заманауи тәсілдерін қолдану бойынша практикалық дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>Модульдің практикалық бағыттылығы</p> <p>Модульдің практикалық бағыттылығы педагогтерде бастауыш мектептің білім беру процесінде оқыту мазмұнын бейімдеу және бағалаудың заманауи құралдарын қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>Оқыту барысында педагогтер білім алушының жеке оқу жоспарын әзірлейді, оқу тапсырмаларын бейімдейді, бағалаудың практикалық мысалдарын талдайды, оқу жетістіктерін бағалау критерийлерін әзірлейді және білім алушылардың жеке ілгерілеуін бақылауға арналған мониторинг құралдарын қолданады.</p>
<p>Модульдің міндеттері</p> <p>білім алушының жеке оқу жоспарын әзірлеу дағдыларын қалыптастыру; оқу бағдарламалары мен оқу тапсырмаларын бейімдеу бойынша құзыреттерді дамыту;</p>	<p>Модульді меңгерудің күтілетін нәтижелері</p> <p>Модульді аяқтағаннан кейін педагогтер: білім алушының білім беру қажеттіліктерін ескере отырып жеке оқу жоспарын әзірлейді; білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес оқу бағдарламалары мен оқу тапсырмаларын бейімдейді;</p>

<p>білім алушыларды бағалауда сараланған тәсілді қолдану дағдыларын жетілдіру; педагогтерді оқу жетістіктерін мониторингтеудің заманауи әдістерімен таныстыру; білім алушылардың жеке ілгерілеуін қолдау үшін бағалау нәтижелерін пайдалану біліктерін дамыту.</p>	<p>білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың заманауи тәсілдерін қолданады; білім алушылардың жеке ілгерілеуін мониторингтеу әдістерін пайдаланады; білім беру процесін жетілдіру және білім алушыларға педагогикалық қолдау көрсету үшін бағалау нәтижелерін қолданады.</p>
<p>Модульдің сипаттамасы Модуль бастауыш білім беру педагогтерінің оқыту мазмұнын бейімдеу, жеке оқу жоспарын әзірлеу және білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін ескере отырып оқу жетістіктерін бағалауды ұйымдастыру саласындағы кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған. Модуль аясында оқу бағдарламалары мен оқу тапсырмаларын бейімдеу тәсілдері, білім алушының жеке оқу жоспарын әзірлеу ерекшеліктері, сондай-ақ білім алушылардың жеке ілгерілеуін бағалау мен мониторингтеудің заманауи әдістері қарастырылады. Ерекше назар оқу материалының қолжетімділігін қамтамасыз ету, бағалауда сараланған тәсілді қолдану, сондай-ақ білім алушылардың оқу жетістіктерін қолдау үшін педагогикалық мониторинг құралдарын пайдалану мәселелеріне аударылады.</p>	
<p>6-модуль. Бастауыш мектепте инклюзивті сабақты жобалау тәжірибесі</p>	
<p>Модульдің мақсаты Инклюзивті білім беру жағдайында білім беру процесін ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін қолдану, сараланған оқу тапсырмаларын әзірлеу және сабақты жобалау бойынша педагогтердің практикалық дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>Модульдің практикалық бағыттылығы Модульдің практикалық бағыттылығы педагогтерде білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып инклюзивті білім беру жағдайында сабақтарды жобалау және өткізу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Оқыту барысында педагогтер сабақ фрагменттерін әзірлейді, сараланған оқу тапсырмаларын құрастырады, педагогикалық кейстерді талдайды, білім беру жағдаяттарын модельдейді және бастауыш мектепте қолжетімді, қолдаушы әрі тиімді білім беру процесін ұйымдастыруға арналған практикалық құралдарды қолданады.</p>
<p>Модульдің міндеттері</p>	<p>Модульді меңгерудің күтілетін нәтижелері</p>

<p>білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып сабақты жоспарлау дағдыларын дамыту; сараланған оқу тапсырмаларын әзірлеу бойынша құзыреттерді қалыптастыру; тәжірибеге бағдарланған оқыту әдістерін қолдану дағдыларын жетілдіру; педагогикалық жағдаяттарды талдау және тиімді білім беру шешімдерін таңдау біліктерін дамыту; кәсіби рефлексияға және педагогикалық тәжірибені жетілдіруге дайындықты қалыптастыру.</p>	<p>Модульді аяқтағаннан кейін педагогтер: білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып сабақтарды жоспарлайды; сараланған оқу тапсырмалары мен практикалық кейстерді әзірлейді; инклюзивті сабақты ұйымдастырудың заманауи тәсілдері мен әдістерін қолданады; педагогикалық жағдаяттарды талдайды және білім беру процесін ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін анықтайды; кәсіби рефлексия жүргізеді және өзінің педагогикалық тәжірибесін жетілдіреді.</p>
<p>Модульдің сипаттамасы</p> <p>Модуль инклюзивті білім беру жағдайында сабақты жобалау және ұйымдастыру саласындағы бастауыш білім беру педагогтерінің практикалық кәсіби құзыреттерін жетілдіруге бағытталған.</p> <p>Модуль аясында білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып сабақты жоспарлаудың заманауи тәсілдері, сараланған оқу тапсырмаларын әзірлеу және тәжірибеге бағдарланған оқыту әдістерін қолдану мәселелері қарастырылады. Ерекше назар педагогикалық тәжірибені талдауға, тиімді білім беру стратегияларын таңдауға және педагогтің кәсіби қызметін жетілдіруге аударылады.</p> <p>Модуль мазмұны бастауыш мектептегі барлық білім алушылардың белсенді қатысуы мен табысты оқуын қамтамасыз ететін қолжетімді және қолдаушы білім беру процесін жобалау дағдыларын дамытуға бағытталған.</p>	

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Білім беру бағдарламасы педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстары аясында келесі тақырып бойынша іске асырылады: «Бастауыш мектептегі инклюзивті білім беру тәжірибесі».

Бағдарлама бастауыш білім беру педагогтерінің инклюзивті тәжірибені ұйымдастыру, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, заманауи білім беру технологияларын қолдану, оқу процесін бейімдеу және білім алушылардың

оқу жетістіктерін бағалау саласындағы кәсіби құзыреттерін жетілдіруге бағытталған.

